

ЕСЕП ТУРАЛЫ	ҮНДЕУЛЕР	ҚОР ТУРАЛЫ	2025 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР	ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУ	ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС	БІЗДІҢ АДАМДАР	ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ	ҚОСЫМШАЛАР	≡	163
-------------	----------	------------	----------------------	---	--	----------------	--------------------------------	------------	---	-----

15-қосымша

Глоссарий

Акционер — акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға.

Әріптестер — жеткізушілер мен мердігерлер, бірлескен жобалардағы әріптестер.

Іс-шаралар жоспары — Қор немесе портфельдік компаниялар қызметінің негізгі бағыттарын және бес жылдық кезеңге арналған негізгі қызмет көрсеткіштерін айқындайтын, Директорлар кеңесі бекітетін құжат.

Көміртек ізі — эквиваленттер ретінде көрсетілген және әсер етудің бір санатын - климаттың өзгеруін пайдалана отырып, өнімнің өмірлік циклін бағалауға негізделген өндіріс жүйесіндегі парниктік газдар шығарындылары мен жоюының қосындысы. Парниктік газдың белгілі бір мөлшерінің эквиваленті берілген парниктік газдың массасы оның жаһандық жылыну потенциалына көбейтілген түрде есептеледі. Осы Тұжырымдама мақсаттары үшін көміртек ізіне тікелей (көміртек диоксиді, СО2) және метан (СН4) және парниктік газдардың энергетикалық жанама шығарындылары қосылған.

Көміртектік бейтараптық — көміртек қышқыл газының шығарындылары мен сіңірілуі арасындағы баланс есебінен қол жеткізілетін парниктік газдар шығарындыларының нөлдік деңгейі.

Қайырымдылық — ерікті түрде, өтеусіз не жеңілдікті жағдайларда демеушілік және меценаттық қызмет нысанында жүзеге асырылатын қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілікті қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген әлеуметтік пайдалы қызмет.

Қор — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы.

Қор тобы — Қор, компаниялар, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компанияларға тиесілі еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі, оларға қатысты «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңмен арнайы құқықтық жағдай белгіленетін заңды тұлғалар.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері — Қор немесе портфельдік компания қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын және олардың жалпы қызметінің, сондай-ақ Қор немесе портфельдік компанияның жауапты жұмыскерлерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер. ҚНҚ Қор немесе портфельдік компанияның іс-шаралар жоспары құрамында бекітілетін және олардың жоспарлы мен Есепті кезеңдердегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие.

Лауазымды тұлға — Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшесі немесе атқарушы орган функцияларын дербес жүзеге асыратын тұлға.

Мүдделі тараптар — заңнама нормаларының, жасалған шарттардың (келісімшарттардың) күшіне немесе жанама түрде Қордың және/немесе портфельдік компаниялардың қызметіне, олардың өнімдеріне немесе қызметтеріне және осыған байланысты әрекеттерге ықпал ететін немесе ықпалын сезінуі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары; бұл анықтама Қор мен портфельдік компанияларды білуі немесе олар туралы пікір білдіруі мүмкін барлық тұлғаларға қолданылмайды; мүдделі тараптардың негізгі өкілдеріне акционерлер, жұмыскерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, облигация ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қор немесе портфельдік компания қызметі жүзеге асырылатын өңірлер халқы жатады.

Омбудсмен — Қордың Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі Қор мен портфельдік компаниялардың өзіне жүгінген жұмыскерлеріне консультация беруден және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қор мен портфельдік компаниялар жұмыскерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсетуден тұрады.

Отын-энергетикалық ресурстар (ОЭР) — ел өндірістік, тұрмыстық және экспорттық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін иеленетін отын мен энергияның әртүрлі түрлерінің жиынтығы (мұнай өңдеу, газ, көмір, шымтезек және сланец өнеркәсібінің өнімі, атомдық және гидроэлектр станцияларының электр энергиясы, сондай-ақ жергілікті отын түрлері).

Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану — бұл олардың қорларының шектеулілігін және қоршаған ортаға техногендік әсерді азайту талаптары мен қоғамның басқа да талаптарын сақтай отырып, техника мен технологияның қазіргі даму деңгейінде ең жоғары тиімділікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін ресурстарды пайдалану.

Парниктік газдардың басқа да жанама шығарындылары (3-қамту) — ұйым қызметінің салдары болып табылатын, бірақ басқа ұйымдарға тиесілі немесе олар бақылайтын парниктік газ көздерінен туындайтын, парниктік газдардың энергетикалық жанама шығарындыларынан өзгеше парниктік газдар шығарындылары.

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту) — ұйымның меншігі болып табылатын немесе ол бақылайтын парниктік газ көздерінен парниктік газдар шығарындылары.

Парниктік газдардың энергетикалық жанама шығарындылары (2-қамту) — ұйым тұтынатын электр энергиясын, жылу немесе буды өндіру кезіндегі парниктік газдар шығарындылары.

Портфельдік компаниялар — дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар.

Серіктестер — жеткізушілер мен мердігерлер, бірлескен жобалардағы серіктестер.

Тәуелсіз директор — осы акционерлік қоғамның аффилиирлік тұлғасы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаған (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайын қоспағанда), осы акционерлік қоғамның аффилиирлік тұлғаларына қатысты аффилиирлік тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның аффилиирлік тұлғалары ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныштылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде бұл тұлғалармен бағыныштылықпен байланысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаған.

Тұрақты даму — бұл Қор мен портфельдік компаниялар өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму.

Үкімет — Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қордың Жалғыз акционері.

Шартты отын тоннасы (ш.о.т.) — натуралды отынды (н.о.т.) шарттыға (ш.о.т.) қайта есептеу осы түрдегі отынның төменгі жану қабілетінің 1 кг шартты отынның жану қабілетіне қатынасы шамасына натуралды отынның мөлшерін көбейту арқылы калориялық эквивалент бойынша жүргізіледі.

Энергетикалық ресурстар — энергиясы қазіргі уақытта пайдаланылатын немесе келешекте шаруашылық және өзге де қызмет түрлерінде пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия тасушыларының жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атомдық, электрлік, химиялық, электромагниттік, жылулық және басқа да энергия түрлері).

Энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану — энергетикалық ресурстарды пайдаланудың техникалық мүмкін және экономикалық тұрғыдан негізделген деңгейіне қол жеткізу.

Энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) — ұсынылған қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнім (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің оған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы.

Энергия үнемдеу — пайдаланылатын энергетикалық ресурстар көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру.

Қысқартулар мен аббревиатуралар

АлЭС	Алматы электр станциялары	ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері	CDP	Көмірқышқыл газы шығарындылары туралы ақпаратты ашу жобасы (The Carbon Disclosure Project)	LTIF	Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігі
АҚ	Акционерлік қоғам	ЖЭО	Жылу-электр орталығы			OGMP	The Oil & Gas Methane Partnership
АСМ	Шығарындыларды автоматтандырылған мониторингтеу жүйесі	ЖЭС	Жел электр станциясы	CO ₂	Көміртек диоксиді	SPO	Қайталама жария орналастыру
ӘБКО	Әлеуметтік байланыс және коммуникациялар орталығы	ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	EBITDA	Пайыздарды, салықтарды, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі пайда	SRS	Samruk Research Services
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары	ҒТБО	Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы	ESG	Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social, and Corporate Governance)	SSAP	Sulfuric Acid Solutions and Products
БГҚ	Бу-газ қондырғысы	КСШ	Көмірсутек шикізаты			SWF	Ұлттық әл-ауқат қоры (Sovereign Wealth Fund)
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы	КЭС	Күн электр станциясы	GRI	Global Reporting Initiative	SWFI	Ұлттық әл-ауқат қоры институты (Sovereign Wealth Fund Institute)
БҰҰ ТДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттары	ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері	H&S	Еңбекті және денсаулықты қорғау	TCFD	Климатпен байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі нысаналы топ (Task Force on Climate-Related Financial Disclosures)
ГВт	Гигаватт	ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау	HIT	Қарапайымдылық, адалдық, ашықтық	UNEP	БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
ГДж	Гигаджоуль	ҚР	Қазақстан Республикасы	IMEO	Метан шығарындыларының халықаралық обсерваториясы (International Methane Emissions Observatory)		
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты	МВт	Мегаватт	IPO	Акциялардың бастапқы жария орналастырылуы (Initial public offering)		
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы	ОЭР	Отын-энергетикалық ресурстар	IR	Өндірістік қатынастар (Industrial relations)		
ГСК	Газ сепарациялау кешені – полиэтилен өндіретін зауытта шикізат ретінде қолданылатын этанды шығаруға арналған инфрақұрылым нысаны («Полиэтилен» жобасы).	ӨҚ	Өндірістік қауіпсіздік	ISAE 3000	Міндеттемелерді растау жөніндегі халықаралық стандарт (International Standard on Assurance Engagements (ISAE) 3000 REVISED)		
ГЭС	Гидроэлектр станциясы	СКГ	Сұйытылған көмірсутекті газ	ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardisation)		
ЕФЭ	Жиырма футтық эквивалент	ҰАК	Ұлттық атом компаниясы	KASE	Қазақстан қор биржасы		
ЖИ	Жасанды интеллект	ҰК	Ұлттық компания	KEGOC	Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы		
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік	ІМГ	Ілеспе мұнай газы				
		CCUS	CO ₂ -ні ұстау, сақтау және пайдалану (Carbon capture, use and storage)				